

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ» РМҚК
«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ
«ҚАРЖЫ» КАФЕДРАСЫ

ЕРКЕБАЕВ Б.Х.

«Сақтандыру»
пәні бойынша әдістемелік нұсқау
(050509 «Қаржы» мамандығы студенттеріне арналған)

Ақтау 2010ж.

УДК 368 (076)

Құрастырушы: «Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы Еркебаев Б.Х. «Сақтандыру» пәні бойынша әдістемелік нұсқау қаржы мамандығының студенттеріне арналған. Ақтау, 2010 – 28 б.

РЕЦЕНЗЕНТ:

э.ғ.к., проф. Джолдасбаева Г. У.

Әдістемелік нұсқауда қазіргі қоғамда сақтандырудың экономикалық мәні, қызметтері, рөлі мен қолдану саласын қамтитын сақтандыру теориясының мәселелері қарастырылады.

Сонымен қатар Қазақстандағы сақтандыру нарығы қалыптасуының негізгі кезеңдері, сақтандырудың мәні, Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығының мәселелері мен болашағының маңыздылығы көрініс табады.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспадан шығаруға ұсынылды

© Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010

Кіріспе

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде сақтандыру экономиканың стратегиялық секторларының бірі болып табылады. Ол меншік иелеріне олардың мүліктері жойылып кеткенде немесе зақымданғанда және табысты жоғалтқанда зардаптың орнын толтыруға кепіл беретіндіктен қоғамда әлеуметтік – экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Сақтандырудың ролі ең алдымен экономиканың микродеңгейінде көрінеді. Сақтандырудың нақты келісім шарттары өздерінің мүліктік мүдделерін қорғау мақсатындағы жеке және заңды тұлғаларымен жасалынады. Ірі аймақтарды қамтитын, жүздеген кәсіпорындардың мүддесін бұзатын, мыңдаған халықтардың өміріне қауіп төндіретін, ірі табиғи техногендік сипаттар пайда болғанда, сәйкес зардапты сақтандыру жүйесі арқылы өтеудің макроэкономикалық салдары болады. Сонымен қатар сақтандыру компанияларының қаражаттары экономика үшін маңызды инвестициялық ресурстар болып табылады.

Әдістемелік нұсқауда Қазақстандағы сақтандыру нарығы қалыптасуының негізгі кезеңдері, сақтандырудың мәні, Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығының мәселелері мен болашағының маңыздылығы көрініс табады.

Әдістемелік нұсқау екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде сақтандырудың экономикалық мәні мен арналымы, сақтандырудың сыныпталуы, сақтандыру компанияларының қызметін ұйымдастыру, шет мемлекеттеріндегі сақтандыру негіздерімен студенттерді таныстыру жүреді. Әрбір қарастырылған тақырыпқа байланысты бақылау сұрақтары берілген.

Екінші бөлімде студенттердің алған білімін тексеруге арналған тест сұрақтары енгізілген.

1 Бөлім. САҚТАНДЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ.

1. Тақырып. Сақтандырудың экономикалық мәні мен арналымы.

Негізгі түсініктер: Сақтандыру ісінің бастаулары. Тәуекелді сақтандырудың алғы шарты. Сақтандыру түсінігі: қазіргі қоғамдағы оның қажеттілігі, мәні, функциялары, қағидалары, сақтандырудың экономикалық табиғаты. Жеке тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін сақтандыруды пайдаланудың объективті қажеттілігі.

1.1. Әдістемелік нұсқау

Сақтандыру дегеніміз - екі жақ тәуекелге бара отырып, бір жағы екінші жағын сақтандыруға келісімін береді. Сақтандыру адамдарды әртүрлі қауіп-қатерлер мен апаттардың залалдарынан қорғаудың бұрыннан келе жатқан әдісі. XVIII ғасырдың ортасында-ақ мүліктер мен жеке бастарды сақтандырудың 100-ден астам жүзеге асырып үлгерген көптеген кәсіпқой сақтандыру қоғамдар пайда болды.

Қаржы нарығының ең маңызды салаларының бірі - сақтандыру нарығы. Әлеуметтік-экономикалық кеңістік болып табылатын сақтандыру нарығында сақтандыру қызметін қажет ететін сақтандырушылар, олардың талаптарын қанағаттандырушы сақтандырушылар (сақтандыру компаниялары), сақтандырушы делдалдар мен сақтандыру инфрақұрылымдарының ұйымдары (консалтингтік фирмалар және т.б) әрекет етеді. Оны құрудың негізіне күтпеген жағдайларда қолайсыздыққа ұшырағандарға ақшалай жәрдем көрсетудің ұдайылығын үздіксіз қамтамасыз етіп отыру қажеттігі жатады.

Сақтандыру нарығы сақтандырылушы мен сақтандырушының арасына тығыз байланыс орната отырып, сақтандырудың нәтижесіне байланысты экономикалық қарым-қатынастың жиынтығын қамтиды. Бұл нарықта сақтандыру қызметін жалпылама танып білу жүзеге асырылады да, оның өмір сүруінің негізгі экономикалық заңдары ретінде құн заңы мен сұраныс және ұсыныс заңдары алынады. Сақтандыру нарығы тауар шаруашылығы қалыптасуының барысында құрылатындықтан екеуінің де пайда болуының шартты ретінде еңбектің қоғамдық бөлінуі мен әр түрлі жекменшік иелері-ерекшеленген тауар өндірушілердің болатындығы есептеледі. Бұл нарық нарықтық қатынас субъектілерінің дербестігін, сақтандыру қызметіндегі сатып алу-сатуға байланысты серіктестіктің тепе-теңдігін қарастырады.

Сақтандырудың мынадай түрлері бар:

1. Салалық белгісі бойынша:
 - өмірді сақтандыру нарығы (бұған сондай-ақ ұзақ мерзімді сақтандырудың барлық түрлері. Зейнетақы, денсаулық сақтау, некелесу, аннуитет және басқалары да жатады);
 - мүліктерді сақтандыру нарығы;
 - жауапкершілікті сақтандыру нарығы;
 - бақытсыздық жағдайлардан сақтандыру нарығы;
2. Ауқымы жағынан:
 - ұлттық;
 - аймақтық;
 - халықаралық;
3. Сақтандыру индустриясының ұйымдастыру-құқықтық түрлеріне байланысты:
 - мемлекеттік сақтандыру;
 - акционерлік қоғамдар жүргізетін қоғамдар;

- сақтандыру қорларын керісінше құрайтын өзара сақтандыру;

4. Жүзеге асырылу түрлері бойынша:

- міндетті;

- ерікті;

5. Объектілері бойынша:

- жеке;

- мүліктік;

Міндетті түрде – заңдық актілердің талап ету күшіне ай жүзеге асырылатын сақтандыру. Азаматтың өмірін немесе денсаулығын ешқандай заңдық актілермен, келіс-сөздермен сақтандыруға күштеп мәжбүр етуге жол жоқ. Міндетті түрдегі сақтандыру ерікті түрдегі сияқты келісім негізінде жүзеге асырылады. Міндетті түрдегі сақтандыру келісімі сақтандырушымен сақтандырудың нақты осы түрін жүзеге асыруға лицензиясы болған жағдайда ғана жасалады.

Ерікті түрде – екі жақ бірдей ерік білдірген жағдайда жасалатын сақтандыру. Заңға қайшы келмейтін кез-келген азаматтық мүдде немесе заңды тұлғаның мүддесі сақтандырудың объектісі болып табылады. Міндетті түрдегі сақтандырудың ерікті түрдегі сақтандырудан айырмашылығы - келісімнің мерзімі шектеулі болып келетіндігінде, сақтандыру журналдарын төлегенде ғана жүзеге асырылатындағында.

1.1.1. Негізгі терминдер

Сақтандыру нарығы – «өмірді сақтандыру», «жалпы сақтандыру» салалары бойынша арнайы тауарды – сақтандыру өнімдерін сату және сатып алу, сақтандыру заңнамалық актілерімен және сақтандыру шарттарымен белгіленіп, бекітілген сақтандыру қорғауына байланысты сақтандыру өтеуін жүзеге асыру жөнінде сақтандырушылар, сақтанушылар, үшінші тұлғалар арасында туындайтын, біртекті сақтандыру қызметтерін көрсететін сақтандырушылар қатарының көбеюіне орай қалыптасатын әрі экономикалық-құқықтық қатынастардың жүйесі ретінде тек өзіне тән сақтандыру айдынын қамтитын айрықша әлеуметтік-экономикалық орта болып табылады.

Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде әділет органында мемлекеттік тіркеуден өткен, уәкілетті органнан тиісті сақтандыру саласы бойынша қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған, тәуекелдердің болуына орай ықтимал сақтандыру жағдайы басталған кезде келтірілген зиянды өтеу жөніндегі өзіне жүктелген міндеттемеге сай сақтанушыға немесе өзге тұлғаға жасасылған сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті заңды тұлға болып саналады.

1.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Сақтандыру дегеніміз не?
2. Сақтандырудың қажеттілігі неде?
3. Сақтандырудың атқаратын қызметтерін атаңыз?

2. Тақырып. Сақтандырудың сыныпталуы.

Негізгі түсініктер: Сақтандыру жіктемесінің қажеттілігі. Сақтандыру жіктемесінің негізі. Қауіп түрі және сақтандыру объектісі бойынша жіктеме: салалары, қосалқы салалары және түрлері. Қазақстан Республикасының сақтандыру жіктемесі: салалары, сыныптары, түрлері. Сақтандыру жүргізудің нысандары және әдістері.

2.1. Әдістемелік нұсқау

Сақтандыру – қоғамның экономикалық қаныстарының айырықша сферасын бейнелейтін көне категориялардың бірі. Сақтандыру сферасы адам өмірінің, өндірістік және әлеуметтік – экономикалық қызметтің барлық жағын қамтиды. Сақтандыруға түрткі болатын басты себеп – бұл өндіріс пен адам өмірінің қауіп – қатерлі сипаты. Сондықтан өндіріс процестерін жалғастыру, азаматтардың жекелеген санаттарының өмір тіршілігімен әл – ауқатын қолдап отыру мақсатында оларды сатып алу үшін қоғамның, жеке өндірушілердің, олардың топтарының (салалық және аумақтық аспектілерінде) натуралдық заттай босалқы қорларында немесе резервтерінде, сондай – ақ ақша ресурстарын да кіріктіретін қажетті қаражаттары болуы тиіс. Мұндай ақша қаражаттары әдетте *резерв және сақтық* қорлары түрінде қалыптасады.

Сақтандырудың мақсаты қоғамдық ұдайы өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін азаматтарды, мүліктерді, өндіріс процестерін қоғамдық және ұжымдық қорғау болып табылады.

Сақтандыру категориясы үшін мына белгілер оған тән болып келеді:

- 1) қатынастардың ықтималдық сипаты;
- 2) қатынастардың төтенше (жай емес) сипаты (кез келген ауқымда – мемлекеттік, аймақтық деңгейде, кәсіпорын немесе оның бөлімшесі, жеке адам деңгейінде).

Сақтандыру категориясының қаржы категориясымен ортақ өзгеше белгілері бар:

Сақтық қатынастарының ақшалай сипаты;

Сақтандырудың қоғамдық өнімнің құнын қайта бөлуге қатысуы;

Оның іс – қимылы ақша қорларын жасап, пайдаланумен қосарланып отырады;

Сақтық қатынастарының бір бөлігінің міндетті сипатының болуы;

Ақша қорларын жасап, пайдалану кезіндегі сақтық баламалығы барлық жағдайда бола бермейді (қатынастардың баламасыздығы).

Сақтандыру шеңберінде мемлекет сақтық ресурстары меншігінің субъектісі болып келетіндіктен сақтандыру жалпы мемлекет қаржысының құрамды бөлігі болып табылады, қалған барлық жағдайда сақтық ісін (қызметті, бизнесті) экономикалық жүйе шеңберіндегі айрықша сақтанушыға немесе оның қайта бөлу процестерін жүзеге асыратын арнаулы қаржы – кредит институты ретінде қаруға болады.

Сақтандырудың экономикалық мәні барлық қатысушылардың төлемдері есебінен оқыс оқиғаға ұшырағанға көмек көрсетілетіндігінде. Демек, сақтандыру – қолайсыз құбылыстар мен күтпеген оқиғалар болған кезде жеке және заңи тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау және оларға материалдық зиянды төлеу үшін мақсатты ақша қорларын құру және пайдалану жөніндегі қайта бөлгіштік қатынастардың айрықша сферасы.

Сақтандырудың экономикалық мәніне бұл категорияның қоғамдық арналымының көріністі ретінде оның бөлу, өтемдік, жинақтық және бақылау функциялары сай келеді.

Бөлу функциясы: бұл функциясының өзгешелігі қайта бөлу ретінде көрінуі. Ол алдын алу функциясына, мысалы, алдын алу шараларын қаржыландыру жолымен сақтық жағдайының болу мүмкіндігін жоюға бүгіледі. Жеке басты сақтандыруда бөлу функциясы сақтандырудың тиісті түрлерінің жинақтық функциясына бүгіледі.

Бақылау функциясы сақтық төлемдерін жұмылдыруды және сақтық қорын қатаң мақсатты пайдалануды қамтамасыз етуге байланысты болатын тараптардың нақты қатынастарында көрінеді.

Соңғы уақытта бірқатар зерттеушілер сақтандыру экономикалық категориясын сипаттау үшін тәуекелдік функциясын қаруды ұсынады, өйткені сақтық тәуекелі сақтандырудың негізгі арнаулымымен – қолайсыз оқиғалардан болған зиянның орнын толтырумен байланысты.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі бойынша мыналар нысандары болып табылады:

Міндеттілік дәрежесі бойынша – ерікті және міндетті;

Сақтандыру объектісі бойынша – жеке және мүліктік;

Сақтық өтемді жүзеге асыру негіздері бойынша – жинақтаушы және жинақтаушы емес.

Міндетті сақтандыру – заңнамалық актілер талаптарына орай жүзеге асырылатын сақтандыру. Ол сақтанушының есебінен жүзеге асырылады. Міндетті сақтандырудың әрбір түрі сақтандырудың жеке (бөлек) сыныбы болып табылады. Міндетті сақтандыру нысаны бойынша әрбір сыныптың мазмұны және оны жүргізу нысаны бойынша қосымша талаптар сақтандырудың осы сыныбын реттейтін заңнамалық актілермен белгіленеді.

Ерікті сақтандыру – тараптардың еркін білдіруіне орай жүзеге асырылатын сақтандыру.

Сақтық қызметі – сақтық (қайта сақтандыру) ұйымының сақтық (қайта сақтандыру) шарттарын жасаумен орындауға байланысты Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын қызмет.

Сақтық қызметін ұйымдастыру және мемлекеттік реттеу мен лицензиялауды жүзеге асыру үшін сақтандыру салаларға, сыныптарға және түрлерге бөлінеді. Сақтық ұйымның сақтық қызметі «өмірді сақтандыру» саласы және «жалпы сақтандыру» саласы бойынша жүзеге асырылады.

Өмірді сақтандыру саласы ерікті сақтандыру нысанында мынадай сыныптарды қамтиды: өмірді сақтандыру; аннуитеттік сақтандыру.

Жалпы сақтандыру саласы ерікті сақтандыру нысанында мынадай сыныптарды қамтиды: жазатайым жағдайдан және аурудан сақтандыру; медициналық сақтандыру; көлік құралдарын (автомобиль, теміржол, әуе және су көліктерін) сақтандыру; жүктерді сақтандыру; мүлікті сақтандыру (көлік құралдарын қоспағанда); кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру; көлік құралдары иелерінің және тасымалдаушының азаматтық - құқықтық жауаптылығын сақтандыру; шарт бойынша азаматтық – құқықтық жауаптылықты сақтандыру; зиян келтіргені үшін азаматтық - құқықтық жауаптылықты сақтандыру (көлік құралдары иелерінің және тасымалдаушының азаматтық – құқықтық жауаптылығын қоспағанда).

Сақтандыру түрі сақтық ұйымы сақтанушыға сақтандыру шартын жасау арқылы сақтандырудың бір немесе бірнеше сыныбы шеңберінде әзірлейтін және беретін сақтық өнімі болып табылады.

2.1.1. Негізгі терминдер

Сақтанушы - өзінің не үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына, еңбекке қабілеттілігіне әрі мүлкіне байланысты сақтандыру мүддесі ретінде мүліктік мүддесін тікелей тікелей заңнамалық акті не сақтандырушымен екі арада өзінің не пайда алушының пайдасына жасасылған сақтандыру шартының негізінде ерікті немесе міндетті нысанда сақтандыратын жеке немесе заңды тұлға болып табылады.

Сақтандырылушы - өзінің өміріне, денсаулығына және еңбек ету қабілетіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылған сақтандырылған адам, сондай-ақ зиян келтірілгені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктері сақтандырылған жеке немесе заңды тұлға болып саналады.

2.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Сақтандырудың қандай түрлерін білесіз?
2. ҚР-дағы сақтандыру заңдарына байланысты сақтандыру түрлерін жіктеңіз?
3. Өмірді сақтандыру сақтандырудың қай нысанына жатқызылады?

3. Тақырып. Сақтандыру мәселелерінің заңнамалық регламенттелуі.

Негізгі түсініктер: Құқық жүйесіндегі сақтандыру. Қазақстан Республикасының сақтандыру заңдарының даму кезеңдері. Сақтандыру келісімі: түсінігі, негізгі элементтері, негізгі шарттары және ерекшеліктері. Сақтандыру келісімінің жүргізілуі.

Сақтандыру бойынша заң базасын жетілдіру бағыттары. Республикада сақтандыруды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы: мақсаты мен басылымдылығы.

Сақтандыру ісін мемлекеттік реттеу. Сақтандыру компанияларының қызметін мемлекеттік қадағалау.

3.1. Әдістемелік нұсқау

Нарықтық экономикада сақтық қатынастарының едәуір бөлігі коммерциялық қатынастар болып табылады. Ең алдымен бұл жалпы сақтандыру мен өмірді сақтандыру категориясына қатысты, бұлардың қызметтер көрсетуі өзгеше сақтық қызметтерін көрсетуге түрленеді және мұндай қызметтер көрсетудің еркін рыногында ұсынылады. Бұл қызметтер көрсетудің бағасы сақтық тарифтері мен жарналары түрінде болады. Сақтық қызметтерін көрсетуге сұраным олардың сапасы мен және бағаның деңгейімен анықталады.

Клиенттерді тарту үшін сақтық ұйымдары клиентураға қызмет көрсетуді жақсартады, қызметтер көрсетудің ассортиментін кеңейтеді, ысыраптар мен зияндарды өтеу жөніндегі кепілдіктерді арттырады.

Сақтандырушылардың жарналары есебінен жасалынатын сақтық қорлары белгілі бір уақытта тікелей арналымда – сақтық төлемдерін төлеу үшін (сақтық жағдайының болу немесе ықтималдық сипатына қарай оның пайда болмау мезетіне дейін) пайдаланылмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда сақтық қорларның қаражаттары қосымша табыс алу үшін коммерциялық айналымға жіберілуі мүмкін. Өз кезегінде, бұл табыстардың бір бөлігін тапсырыскерлерді тарту үшін сақтық қызметтерін көрсетудің бағасын төмендетуге бағыттаған орынды. Сақтық ұйымдарының осыған ұқсас операциясын сақтық рыногында пайдалырақ шарттарда қолайсыз түрлі жағдайлардың салдарлары кезіндегі ысыраптармен залалдардан қашқысы келетін тапсырыскерлерді тарту жөніндегі бәсекенің пайда болуына жәрдемдеседі.

Сақтық жүйесі республика экономикасының сенімді әрі орнықты дамуына, халықты әлеуметтік қорғауды арттыру үшін қосымша негіз жасауға, азаматтар мен шаруашылық жүргізуші субъектілерінің мүлкін сақтандыруға ықпал етуге тиіс. Сақтандыру мәселесі, медициналық сақтандыруды қоса алғанда, әлеуметтік қамсыздандырудың проблемаларына тікелей қатысты.

Сақтандыруға табыс (пайда) түсіру мақсатымен коммерцияның шектес сфераларына қаражаттарды инвестициялау жөніндегі сақтық ұйымдарының қызметі сақтық ісі ретінде болып көрінеді.

Сақтандыру – сақтық ұйымы өз активтері есебінен жүзеге асыратын сақтық төлемі арқылы сақтандыру шартында белгіленген сақтық жағдайы немесе өзгеде оқиғалар туындаған кезде жеке немесе заңи тұлғалардың заңды мүдделерін мүлктік жағынан қорғауға байланысты қатынастар кешені.

Сақтандыру процесі сақтандыру шарты негізінде не өзара сақтандыру қоғамына мүшелік негізінде жүзеге асырылады.

Сақтандыру шарты бойынша бірарап (сақтанушы) сақтық сыйақыларын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтық жағдайы пайда болған кезде сақтанушыға немесе оның пайдасына шарт жасалған өзгеде тұлғаға (пайда алушыға) шартты белгіленген.

3.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Сақтандыру келіссөздерінің заңдылық негіздерін атаңыз?
2. Сақтандырылушы дегеніміз кім?
3. Сақтандырушы дегеніміз кім?

4. Тақырып. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының институционалдық құрылымы.

Негізгі түсініктер: Сақтандыру нарығының құрылымы. Сақтандыру міндеттемесі, оның мазмұны. Сақтандыру қызметі ерекше тауар ретінде. Сақтандыру қызметінің бағасы. Сақтандыру қызметінің бағасына әсер етуші факторлар. Сақтандыру брокерлері мен агенттерінің қызметі.

4.1. Әдістемелік нұсқау

Қазақстандық сақтандыру нарығының құрылымы оған қатысушылар мен сақтандыру салалары арқылы көрсетілген.

Аталған нарықтың қызметі ҚР Конституциясына, ҚР Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңға негізделген нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі.

ҚР «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, сақтандыру агенті, сақтандырушы, сақтандырылған, табыс табушы, актуарий, өкілеттілігі бар аудиторлық ұйым (өкілеттігі бар аудитор), өзара сақтандырушыға байланысты басқа да жеке және заңды тұлғалар сақтандыру нарығына қатысушылар болып саналады.

ҚР-дың сақтандыру нарығында сақтандыру қарым-қатынасының мына төмендегідей қатысушылары бөлініп шығады:

- сақтандыру нарығының қызметіне сұранысты жасаушы сақтандырушылар;
- осы сұранысты қанағаттандырушы тікелей сақтандыру (сақтандырушылар) компаниялар;

- келтірілген зиянды сақтандыру операцияларына таратып отыру, сақтандыру нарығының қаржылық тұрақтылығын жалпы түрде қамтамасыз етуші қайта сақтандыру компаниялары;

- сақтандыру қызметтерін сақтандырушы мен сақтандырушының арасында ретке келтіріп отыратын сақтандырушы сарапшылар;

- сақтандыру инфрақұрылымының ұйымдары;

Сақтандыруға бақылау жүргізуші өкілетті мемлекеттік орган ҚР Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау агенттігі болып табылады. (ары қарай агенттік). Оның сақтандыруды реттеп отыру саласындағы негізгі міндеттері:

- елде тұрақты сақтандыру жүйесін құрып, оған қолдау көрсету және ұлттық сақтандыру нарығының инфрақұрылымын орнықтыру;

- сақтандыру нарығын реттеу, сақтандыру қызметін қадағалау;

- сақтандырудың негізгі заңды түрде бекіту, міндетті түрде сақтандыру түрлерін, республиканың сақтандырудың халықаралық жүйесіне қатысты қағидаларын белгілеу;

- сақтандырушылардың, сақтандырылғандардың және пайда табушылардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау;

Агенттікке ҚР заң актілерінде тікелей қарастырылғандардан басқа жағдайларда сақтандырушы йымдар мен сақтандыру брокерлерінің қызметіне араласуға тыйым салынады.

Сақтанушы-сақтанушы мен сақтандыру келісімін жасайтын тұлға. Заңды және жеке тұлғалар, комерциялық емес мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, шағын және орта бизнес, ірі өндіріс кәсіпорындары, қаржы институттары және басқалар сақтанушылар бола алады. Сақтанушыға сақтандырушыны өз еркімен де, сақтандырудың міндетті түрлері бойынша да таңдауға ерік беріледі. Оған өзіндік ерекшелігі бар қызметке ұқсас сақтандыру компаниясының қызметі ұсынылады. Сақтандыру келісім шартына сәйкес сақтандырушы сақтану жағдайы туындағанда сақтанушыға жәрдем көрсетудің кепілі болып саналады. Келісімшарт сақтанушының қажетті шарты ретінде есептеледі. Өйткені сақтандырушының қорында шоғырланған көптеген тәуекел жарналарды сақтандырушы бизнесте игеру оңай. Сақтандыру агенттері мен брокерлер дамыған сақтандыру нарығына белсенді түрде қатысушылар болып саналады.

Сақтандыру агенті-өзіне берілген өкілдікке сәйкес сақтандыру ұйымының атынан және оның тапсыруы бойынша сақтандыру келісімшарттарының жасауға делдалдық ететін жеке немесе заңды тұлға. Сақтандыру ұйымы сақтандыру келісімі бойынша қабылданған міндеттемелерді сақтандыру агенті сол жекелеген түрлеріне үстемдігі болғанда немесе сақтандырылуға ешқандай да мемлекеттік үстемділік болмаған жағдайларда жүзеге асырыла береді. Қазіргі ТМД елдерінде сақтандырудың дамуы өзінің шегіне жетуге жақын. Мысалы, Ресейде бюджет тарапынан әскерлерді милиция қызметкерлерін, салық инспекциясы, мен полицияны, прокурорларды, соттарды, апаттан құтқарушыларды, ядролық қондырғылардың қызметкерлеріғарышкерлерді, депутаттарды, донорлар мен басқа да санаттардың қызметкерлерін міндетті түрде мемлекеттік тұрғыдан сақтандыру жүзеге асырылуда.

4.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Сақтандыру нарығының қатысушылары кімдер?
2. Сақтандыру брокерінің қызметі?
3. Сақтандыру агентінің қызметі?

4.1.1. Негізгі терминдер

Сақтандыру брокері – сақтандыру қызметтерін көрсетумен шұғылданатын сақтандырушы мен қажетті сақтандыру өнімдерін сатып алуға мүдделі сақтанушы арасында сақтандыру жөнінде келіссөздер жүргізетін және сақтандырудың тараптар үшін қолайлы шарттылықтары мен нысандарын айқындауға ат салысатын, сондай-ақ сақтандыру шартын жасасу кезінде құжаттардың дұрыс ресімделуіне жәрдемдесетін, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру өтеуінің уақтылы төленуіне септігін тигізетін, осындай делдалдық операцияларды сақтанушының не сақтандырушының тапсыруымен өз атынан жүзеге асыратын, кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен және уәкілетті органнан тиісті лицензия алған тәуелсіз заңды тұлға болып табылады.

Сақтандыру агенті – бір немесе бірнеше сақтандыру ұйымы берген өкілеттік шегінде, аталған ұйымның тапсыруымен және оның атынан сақтандыру шартын дайындау жұмысын жүргізу әрі жасасу, әсіресе сақтандырушының атынан сақтандыру өнімдерін сату жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға ретінде көрініс табады.

Өзара сақтандыру қоғамы – «Өзара сақтандыру туралы» және Қазақстан Республикасының басқа да Заңдарына сай, лицензияланбайтын және лицензияланатын негізде, өз мүшелерінің мүлікін, сондай-ақ өзге де мүліктік мүдделерін сақтандыруды нысаналап жұмыс істейтін, тұтыну кооперативінің ұйымдық – құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым – заңды тұлға болып табылады.

5. Тақырып. Сақтандыру компанияларының қызметін ұйымдастыру.

Негізгі түсініктер: Сақтандыру ұйымдарының түрлері. Сақтандыру компаниясының жұмысын ұйымдастыру. Сақтандыру ұйымдарының құрылымы. Сақтандыру компаниясының қызметінің экономикалық негізі. Сақтандыру компанияларының инвестициясын басқару.

5.1. Әдістемелік нұсқау

Сақтық қызметі сақтық (қайта сақтандыру) ұйымы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметтің мынадай түрлерін: инвестициялық қызметі; тиісті жинақтаушы сақтық шартында көзделген сатып алу сомасы шегінде өзінің сақтанушыларына қарыз беруді (сақтық ұйымы үшін); сақтық (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын арнаулы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатуды, ақпарат берілімдерінің кез-келген түрлерінде сақтық ісі және сақтық қызметі жөнінде арнаулы әдебиет сатуды, бұрын өз мұқтаждары үшін сатып алынған (сақтық(қайта сақтандыру) ұйымы үшін) немесе оның қарамағына сақтық шарттарын жасауға байланысты келіп түскен (сақтық ұйымы үшін) мүлікті сатуды немесе жалға беруді, сақтық қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсетуді, сақтық (қайта сақтандыру) саласында мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында оқуды ұйымдастыру мен жүргізуді; сақтық агенті ретінде сақтық делдалы болуды, консорциум немесе жай серіктестік құруға қатысуға құқылы.

Сақтық ұйымдары таратылған жағдайда сақтық ұйымдары, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтық төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін қор құруға құқылы. Жұртқа мәлім, Сақтық төлемақыларын кепілдендіру қоры құрылған.

Мемлекет Қазақстан Республикасының Үкіметі арқылы ғана сақтық (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтайшысы және акционері бола алады.

Жарғылық капиталының 50 пайызынан астамы мемлекетке тиесілі ұйымдар сақтық (қайта сақтандыру) ұйымдарының құрылтайшылары және акционерлері бола алмайды.

Мемлекет өзі құрылтайшысы немесе акционері болып табылатын сақтық (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелері бойынша, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, оның жарғылық капиталына салған қаражаты шегінде жауапты болады.

Сақтық (қайта сақтандыру) ұйымы міндетті түрде мынадай алқалық органдар құра алады: директорлар кеңесі – басқару органы; басқарма – атқарушы орган; тексеру комиссиясы – бақылау органы.

Сақтық (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтайшылары мен акционерлері сатып алатын акцияларына ақшаны тек қана ұлттық валютамен төлеуге міндетті.

Құрылатын сақтық (қайта сақтандыру) ұйымының жарғылық капиталының ең аз мөлшерін оның құрылтайшылары оны мемлекеттік тіркеуден өткізген кезге дейін толық төлеуге тиіс.

Сақтандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: Қазақстан Республикасында тұрақты сақтық жүйесін жасау мен қолдау және ұлттық сақтық рыногының инфрақұрылымын қалыптастыру, сақтық рыногын реттеу және

сақтық рыногын қадағалау, сақтандырудың негіздерін заңдармен баянды ету, міндетті сақтандыру жүйесіне Қазақстан Республикасының қатысу қағидаттарын белгілеу, сақтанушылардың және пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Сақтық салаындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, сақтық рыногындағы істің жайына мемлекеттік бақылау жасауды қамтамасыз етуді қоса, уәкілетті орган және мемлекеттің өзге де органдары өз құзыры шегіде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының сақтық (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтық брокерінің сақтандыру қызметіне аралысуына тыйым салынады.

Уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақтық рыногын реттеу және сақтық қызметін қадағалау жөніндегі функциялар мен өкілеттікті жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Сақтандыру ұйымдарының түрлері атаңыз?
2. Сақтандыру ұйымдарының құрылымы?
3. Қазақстандағы сақтандыру компанияларының қызметтері?

6. Тақырып. Актуарлық қызмет.

Негізгі түсініктер: Сақтандыру тарифінің құрылу міндеттері және мәні. Тарифтік стаффаның құрамы мен құрылымы. Істі жүргізу шығындары тарифтік стаффка элементі ретінде. Сақтандыру статистикасының көрсеткіштері. Сақтандыру жарнасының мәні. Сақтандыру компаниясының қызметін қаржыландыру көзі ретіндегі сақтандыру сыйақысы. Сақтандыру сыйақысын есептеудің ерекшелігі және жалпы қағидасы.

6.1. Әдістемелік нұсқау

Сақтандыру тарифі – бұл сақтандыру тәуекелінің «прейскуранттық бағасы» болып табылады. Сақтандыру тарифі арқылы сақтандыру сыйақысы есептеледі. Сақтандыру тарифі сақтандыру сомасынан 100 бірлігінен тіркеулі ақшалай төлем түрінде немесе сақтандыру сомасынан пайыз түрінде анықталады. Практика жүзінде көп жағдайларда екінші көрсеткіш кеңінен қолданылады. Сақтандыру тарифтері сақтандырушының сақтандыру төлемдеріне жұмсаған, істі жүргізуге жұмсаған шығындарын өтей алатындай және табыстардың шығындардан біршама жоғары болуын қамтамасыз ететіндей деңгейде құрылуы тиіс.

Сақтандыру сыйақысын есептеу үшін қолданылатын толық сақтандыру тарифі – брутто-мөлшерлеме деп аталады. Брутто-мөлшерлеме нетто-мөлшерлемеден және салмақтан тұрады.

Нетто-мөлшерлеме сақтандыру төлемдеріне арналған сақтандыру резервтерін қалыптастыру үшін сақтандыру сыйақысының бір бөлігін анықтайды.

Салмақ – бұл сақтандырушының сақтандыру процесін, сақтандыру ісін ұйымдастыруға, ескерту шараларын, жарнамалар жүргізуге жұмсалған шығындарын және сақтандырушының табысын қалыптастыратын басқа да шығындарын жабуға арналған брутто-мөлшерлеменің бір бөлігі болып табылады.

6.1.1. Негізгі терминдер

Актуарий – актуарийлік есептеулерді және актуарийлік қорытындын әзірлейтін әрі жасайтын, сондай-ақ сақтандыру түрлері бойынша тарифтік ставкаларды есептеп шығарудың ғылыми негізделген әдістерін даярлаумен айналысатын, әрбір сақтандыру ұйымының штатында міндетті болуы заң жүзінде көзделген, актуарийлік қызметін жүзеге асыруына уәкілетті органнан лицензия алған, сақтандыру математикалық статистикасының сақтандыру техникасы жөніндегі маманы – жеке тұлға болып табылады.

6.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Сақтандыру тарифінің құрылу мәні?
2. Тарифтік ставканың құрылымы?
3. Сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету шарттарын атаңыз?

7. Тақырып. Жеке сақтандыру.

Негізгі түсініктер: Жеке сақтандырудың негізгі категориялары: сақтандыру қатынастарының субъектілері, сақтандыру тәуекелі, түрлері. Жеке сақтандырудың ұзақ мерзімді түрлері. Өмірді сақтандыру жөніндегі тарифтерді қалыптастыруды қолдану үшін статистикалық көрсеткіштер және математикалық әдістер есебі жеке сақтандыруды жүргізудің шарты болып табылады. Өмірді сақтандыру бойынша резерв жарналары. Медициналық сақтандыру.

7.1. Әдістемелік нұсқау

Азаматтардың өмірі, денсаулығы мен еңбекке жарамдылығы жеке сақтандырудың объектілері болып табылады. Мүліктік сақтандыруды өздеріне тиесілі немесе жалға алған меншіктеріне тікелей немесе жанамалай зиян келтірмеу мақсатымен жекелеген адамдармен шаруашылық субъектілері жүргізілді. Мүліктік сақтандырудың объектілері болып жер бетіндегі, әуедегі және су көлігі, жүктер мен басқа да мүліктер, сондай-ақ қаржылық тәуелділік саналады.

Өмірді сақтандыру - азаматтардың өмірін, денсаулығын, еңбек қабілеттілігін және жеке басына байланысты өзге де мүдделерін залалдан қорғаудың нысаны, ол жеке басты және әлеуметтік сақтандыру қызметтерінің көмегімен жүзеге асады.

Өмірді сақтандыру сақтандырылушы қайтыс болған немесе ол сақтандыру мерзімі біткенге дейін өмір сүрген жағдайда сақтық төлемін жүзеге асыруды көздейтін жеке басты сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Аннуитеттік сақтандыру сақтандырылушы белгілі бір жасқа жеткен, еңбек қабілетін (жасына, мүгедектігіне байланысты, науқастығына байланысты) жоғалтқан, асыраушысы қайтыс болған, жұмыссыз қалған жағдайларда немесе сақтандырылушының жеке табыстарының кемуіне немесе одан айырылуына әкеліп соққан өзге де жағдайларда зейнетақы немесе рента түрінде кезең – кезеңімен сақтық төлемдерін жүзеге асыру көзделетін жеке басты сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Жеке басты сақтандырудың сан алуан түрлері бар: өмірді аралас сақтандыру, балаларды сақтандыру, некені сақтандыру, шаруашылық жүргізуші субъектілер есебінен олардың қызметкерлерін сақтандыру, әуе, темір жол, теңіз, ішкі су және облысаралық, халықаралық автомобиль көлігінің жолаушыларын сақтандыру және т.с.с.

Жеке басты сақтандырудың аталған түрлері жолаушыларды сақтандырудан басқасы ерікті нысанда жүргізіледі. Міндетті нысанда сондай – ақ көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауаптылығы, әскери қызметшілердің жеке құрамы, ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік, салық службасы қызметкерлері сақтандырылады.

Сақтандырудың экологиялық тәрізді түрі жіктемеде аралық жағдайда болады: ол жеке басты және мүліктік, міндетті және ерікті болуы мүмкін.

Сақтық қатынастарының бұл бөлігінің баяндалған ерекшеліктері мүлікті және басты сақтандыру өзіндік өзгешелігі бар дербес экономикалық категория ретінде болып танылады деп түйін жасауға мүмкіндік береді.

7.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Жеке сақтандырудың пайда болу тарихы?
2. Жеке сақтандырудың сыныптамасы?
3. Ұзақ мерзімді жеке сақтандырудың түрлерін атаңыз?

8. Тақырып. Мүлікті сақтандыру.

Негізгі түсініктер: Мүлікті сақтандырудың экономикалық және қаржылық қалыптасуы. Мүлікті сақтандырудың негізгі түрлері, тарифтері. Мүліктік сақтандыру бойынша негізгі шарттары және төлемді ұйымдастыру. Регрессивтік талап. Занды және жеке тұлғалардың мүліктерін сақтандырудың ерекшелігі.

8.1. Әдістемелік нұсқау

Мүліктік сақтандыру мүлікті иеленуге, пайдалануға, оған билік етуге байланысты адамдардың мүліктік мүдделеріне (автомобиль, темір жол, әуе немесе су көліктерін, жүктерді қоспағанда) оның зақымдануы немесе жойылуы салдарынан келтірілген зиянды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтық төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Мүліктік және кәсіпкерлік тәуекелдер (қауіп-қатерлер) азаматтық – құқықтық жауаптылықты қоса алғанда, оларға байланысты мүдделерді сақтандыру жалпы (мүліктік) сақтандыруға жатады. Мұндай сақтандыру кезінде мүліктің жоғалу (жойылу) қауіпі (тәуекелі), жетіспеуі немесе бүлінуі және өзге де мүліктік игіліктер мен құқықтар сақтандырылады.

Сақтандырылған мүліктің түріне немесе тобына қарай сақтандырудың мынадай түрлерін ажыратады: ауыл шаруашылығы дақылдарын, малдарды, құрылыстарды, мемлекеттік, жеке меншік, кооперативтік кәсіпорындардың, қоғамдық ұйымдардың мүлкін, көлік құралдарын, қаржылық тәуекелді (соның ішінде банк салымдары мен банк операцияларын, бағалы қағаздар рыногындағы операцияларды), жүктерді, мұнай операцияларын (мұнай шығару, оны өңдеу және тасымалдау жөніндегі) және т.т. сақтандыру. Мүліктік сақтандыруға міндетті нысанда көліктің барлық түрімен тасу жасалғанда тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық – құқықтық жауаптылығы мен автокөлік иелерінің азаматтық – құқықтық жауаптылығы сақтандырылады. 1996 жылдан бастан ауыл шаруашылығы өндірісін: көп жылдық екпелерді, ауыл шаруалық малдарын, жылжымалы және жылжымайтын мүліктерді, ауыл шаруашылығы өнімдері мен тауарларын қолайсыз табиғат – климат жағдайларынан, эпизоотиялардан және басқа дүлей апаттардан міндетті сақтандыру қайта қалпына келтірілді.

8.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Мүлікті сақтандырудың экономикалық және қаржылық арналымы қандай?

2. Мүлікті сақтандырудың негізгі түрлері атаңыз?
3. Мүлікті сақтандырудың ерекшеліктері қандай?

9. Тақырып. Сақтандырушының қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету.

Негізгі түсініктер: Сақтандырушылардың қаржыларын ұйымдастырудың жалпы қағидалары. Сақтық қорғауды қамтамасыз ететін ақша қаражаттарының айналымының ерекшеліктері. Сақтандыру қорының қалыптасуы. Сақтандыру резервтерінің түрлері және оларды қалыптастыру тәртібі.

9.1. Әдістемелік нұсқау

Сақтық резервтерінің қаражаты тек қана сақтық (қайта сақтандыру) ұйымының қолданылып жүрген сақтандыру шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты сақтық төлемдерін жүзеге асыруға арналған.

Сақтық (қайта сақтандыру) ұйымына санкцияларды уәкілетті орган не сот қолданады: уәкілетті орган санкциялар ретінде мынадай шаралар қолдануға: айыппұл салуға; лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға; лицензияны кері қайтарып алуға; сақтық (қайта сақтандыру) ұйымдарының акцияларын оның акционерлерінен мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдауға және оларды жаңа инвесторларға сатуға; сақтық (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкерлерін қызметтік міндеттіліктерін атқарудан шеттетуге құқылы.

Сақтық (қайта сақтандыру) ұйымы өз қызметінің жыл сайынға міндетті аудитін жүргізіп отырады. Жыл қорытындысы бойынша жасалынған аудиторлық қорытынды сақтық (қайта сақтандыру) ұйымының жылдық қаржы есептемесінің ажырағысыз бөлігі болып табылады.

Негізгі сақтық қызметінен алатын сақтандырушының табысы сақтық төлемдерімен және өзге сақтық қызметінен алынған табыстар мен шығыстардың (сақтық сомаларды төлеу және сақтық ісін ұйымдастыру және оның материалдық базасын жасау жөніндегі шығыстардың орнын толтыру, еңбекке ақы төлеу шығыстарды, сақтық қорларына аударылатын аударымдар) айырмасы ретінде анықталады. Кәсіпкерлік қызметтен алынатын табыс қызметтің осы түрлеріне белгіленген ережелерге сәйкес салық салынатын табыс резервтік қорларға аударылған аударымдардың сомасына азайтылытының ескере отырып есептеп шығарылады.

Нарықтық экономикаға көшумен байланысты Қазақстан Республикасындағы сақтық қызметінің монополиясы өзгереді, сақтандыру кеңістігі едәуір кеңейді, сақтық қызметтердің кең спектірін ұсынатын мемлекеттік емес акционерлік сақтық компанияларды пайда болды.

Елімізде сақтандыруды дамытудың негізгі мақсаты – мемлекеттің, азаматтардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүддесін қорғаудың нақты құралы бола алатын толыққанды, орнықты жұмыс істейтін ұлттық сақтық рыногын қалыптастыру.

Қазіргі заманғы ұлттық сақтандыру жүесін құру сақтық қызметі рыногын сапалы жаңа деңгейге көтеру жөнінде шаралар әзірлеуді және кезең-кезеңімен іске асыруды талап етеді. Бұл қағида Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде жүргізіледі. Онда мынадай міндеттерді шешу көзделінген:

әлеуметтік сақтандыру түрі ретіндегі сақтық қорғауды ұсынудың қағидаттарын наұтылау;

сақтандыруды қолдану аясын кеңейту және міндетті сақтандыру түрлерін нақтылау;

сақтық рыногының қазіргі заманғы инфрақұрылымын қалыптастыру және оның қатысушыларының – сақтық (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтық брокер, сақтық агент, сақтанушы, сақтандырылушы, пайда алушы, актуарий, уәкілетті аудиторлық ұйым

(уәкілетті аудитор), өзара сақтандыру қоғамы, сақтандырумен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де заңи және жеке тұлғалардың қызметін ұйымдастыру үшін жағдай жасау;

халықаралық стандарттарды ескере отырып, сақтық қадағалауын жүйесін ұйымдастыру;

сақтық және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттігі бойынша талаптарды күшейту;

осы заманғы сақтандыру технологиясын енгізуге жәрдемдесу;

сақтандыру саласында кадрлар даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін ұйымдастыру.

Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық сақтық жүйені дұрыс ұйымдастыруда және сақтандырудың әлеуметтік маңызды түрлерін жедел дамытуда мол резерв жасалған.

Қазақстан Республикасындағы нарықтық қатынастардың дамуы жағдайында сақтандыру компанияларының қызметінде олардың инвестициялық қызметі ерекше қызығушылық тудырады.

Қазіргі заманғы сақтандыру индустриясын құру мемлекетке: мемлекеттік бюджеттің табиғи-техногендік сипаттағы көлденең шығыстарды өтеу бөлігіндегі салмақты азайтуға; нарықтық экономика қағидаттарында сақтандыру арқылы (зейнетақы жиналымдарын, еңбек қабілеттілігінен айырылуы немесе асыраушысы қайтыс болуына байланысты, жұмыссыздыққа байланысты берілетін жәрдемақыларды, медициналық шығыстарды төлеу) әлеуметтік қамсыздандырудың (қамтамасыз етудің) жекелеген проблемаларын шешуге; халықтың, жеке ұйымдардың жинақ ақшасын ұзақ мерзімді негізде ұлттық экономикаға тартуға мүмкіндік береді.

Азаматтың ақшасымен операцияларды жүзеге асыратын банктер мен жинақтаушы зейнетақылар қорларының қызметі сияқты сақтық ұйымдарының қызметі де белгілі бір мөлшерде халықтың сақтандыру институтына деген сенімінің деңгейіне байланысты.

Сақтандыруды дамыту, өз кезегінде, заңнамалық базаны, мемлекеттік салық-бюджет және ақша-кредит саясатын жетілдіруге, сақтық қызметін қадағалау сапасы мен сақтық ұйымдары жұмысының сенімділігіне байланысты болады.

Қазіргі заманғы сақтық рыногының толыққанда жұмыс істеуі, сонымен қатар актуарийлер (сақтық міндемелерінің экономикалық-математикалық есеп-қисабы саласындағы мамандар) институтының енгізуді, уәкілетті аудиторлармен басқа да мамандарға қойылатын тиісті талаптарды қажет етеді.

Қазақстанның сақтық рыногы қалыптастыру стратегиясында тұр: экономикалық және құқықтық негіздемелері бойынша (ұзақ дағдарыс жетілмеген заңнамалық база) ол дүниежүзілік деңгейден айтарлықтай арыта алып қалып келеді. Дамыған нарықтық қатынастары бар елдерде сақтық қызметтер көрсетудің ассортименті 500 түрге жетіп отыр, ал Қазақстанда ол не бары 40 түрін қамтиды. Жеке басты сақтандыру және азаматтардың мүлкін сақтандырудың көптеген түрлері нашар дамыған, бұл халыққа табысының төмен болып отырған деңгейіне байланысты.

Дүниежүзілік тәжірибе сақтық ісі бизнестің кең таралған және пайдалы сферасы екендігін дәлелдеп отыр, ал қуатты сақтық компаниялары өзінің қызметін шектес салаларына әртараптандыра отырып, негізгі және қаржылық орнықты рыноктық құрылым бола отырып, нарықтық экономикада тұрақты жайғасымдарды алып отыр.

Ерекше сақтық қатынастар, сақтық қызметінің рыногын дамыту, азаматтармен заңды тұлғаларды сақтандыру тұрғысындағы қорғау «сақтық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңымен, сақтандыру мәселелерді жөніндегі Үкімет қаулылармен және Ұлттық Банктің сақтық қадағалау департаментінің нормативтік актілермен реттеліп отырады.

Қазіргі кезде Қазақстанның сақтық рыногы қатысушыларының ассоциациясы құрылған. Ассоциацияның негізгі міндеттері Қазақстан Республикасының сақтық

рыногының дамытудың қолайлы жағдайларын жасау және халықтың сақтық мәдениетінің деңгейін арттыру болып табылады.

9.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Сақтандырушылардың қаржыларын ұйымдастырудың жалпы қағидаларын атаңыз?
2. Сақтандырушылардың қаржылық жағдайын бағалау?
3. Сақтандыру ұйымдарының инвестициялық қызметі?

10. Тақырып. Шет мемлекеттеріндегі сақтандыру.

Негізгі түсініктер: Шет елдерде сақтандыру ісін ұйымдастыру. Сақтандырудың негізгі түрі және нысаны. Сақтандыру қызметінің даму тенденциясы. Өртүрлі мемлекеттердегі сақтандырушылардың өзара іс-әрекеттері және өзара байланысы. Мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметтеріндегі сақтандыру саласы. Шет елдік сақтандыру. Халықаралық сақтандыру нарығын қалыптастыру мәселесі.

10.1. Әдістемелік нұсқау

Дүниежүзілік сақтандыру нарығын жаһандандыру - бұл бір-тұтас сақтандыру кеңістігінің қалыптасуына, әдетте, құрылымдық өзгерістерге әкелетін ұлттық сақтандыру шаруашылықтарына заң шығарушылық және экономикалық кедергілердің жойылу үдерісі. Өткен ғасырдың 80-жылдары АҚШ-тың сақтандыру нарығы алған сақтандыру сыйақысының үлесі, дүниежүзілік сақтандыру сыйақысының жалпы көлемінде 50%-ға жуық, еуропалық елдердің үлесі - 26%-ға жуық, ал Азия елдерінің үлесі -20%-дан кем болды. Не бары 10 жыл ішінде, экономиканың Еуропа мен Азияда жандануымен іс жүзінде бұл үлестер теңесті, әрі 32%-ға жуық болды. Дүниежүзілік сақтандыру нарығының жалпы құрылымындағы басқа елдердің үлесі алынған сақтандыру сыйақысы жалпы көлемінің 5%-нан аспайды.

Дүниежүзілік сақтандыру нарығы даму ерекшелігі ауқымды сіңіру мен бірігу болды. 1997 жылдан 2000 жылға дейін, барлығы үш жыл ішінде, компанияның бірігу мен қосылу бойынша мәмілелердің жалпы сомасы мұнда 2,6 трлн АҚШ долларынан асты, сонымен бірге мәмілелердің көпшілік бөлігі трансшегаралық сипатта болды.

Бірігу мен сіңіру себептері:

- сақтандыру портфелін қалыптастыру және тәуекелдіктерді әртараптандыру қажеттілігі, әрі жаңа елдер сақтандыру нарықтарына дендеп ену мақсатымен қызмет географиясын кеңейтуге ұмтылу;

- сақтандыру қызметтерінің тізбесі мен ұсынылатын сақтандыру түрлерін ұлғайтуға, сондай-ақ сақтандыру қызметтерін сатудың жаңа тәсілдерін енгізуге жұмылдыру;

- ұлттық және дүниежүзілік нарықтар, оларға қатысушылар санының көп көлемде молығуы және олардың арасындағы қатаң бәсекелестік;

- ірі және аса ірі тәуекелдіктерді сақтандыруға қабылдау үшін әсіресе қайта сақтандыруда капитал қажеттілігі;

- сақтандыру сыйақысын одан әрі дамыту мен арттыру қажеттілігі;

- іс жүргізудегі шығыстарды қысқартуға ұмтылу.

90-жылдар соңында сақтандыру, банкі және қаржы капиталдарын жетілдіру сияқты қаражаттың қайта құйылым түрі енгізіле басталды. Сақтандыру қызметтерін сату желісі банк қызметтерін сату үшін және керісінше пайдаланыла басталды. Сақтандыру, банк және қаржы қызметтері арасындағы жуықтауды білдіретін қаржы қызметтері жаңа

түрлерінің пайда болуы, сақтанушыларды сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз етгі және сақтандырушылардың банк құрылымдарына қатысуын кеңейтті.

Әлемдік сақтандыру нарығындағы тағы бір үрдіске сақтандыру және қайта сақтандыру қоғамдарының шоғырлануы мен сiңiруiнiң салдары халықаралық мегаброкерлердiң қалыптасуын жатқызу керек.

Осы заманғы телекоммуникациялық технологиялардың, интернеттің дамуы, тұтынушының оған тікелей қол жеткізуіне мүмкіндік берді, жаңа тәуекелдіктер себепкер болған залалдарға өтемақы төлейтін арнайы сақтандыру қызметтеріне сұранымды қалыптастырды. Сақтандырушылары үшін интернет сақтандыру қызметтерін «тікелей» сату тәсілі болып табылады, оның дамуына шығындар тұтынушылардың компьютер желілерін пайдалану мүмкіндіктеріне байланысты. Интернет-технологияны енгізу заң шығару базасын өзгертуде, сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша мәмілелерді жария ету нысандары мен тәсілдері туралы баптарды енгізуді талап етеді. Осындай проблема трансшегералық саудада сақтандыру (қайта сақтандыру) операцияларына да қажет. Көптеген елдердің ұлттық заңдарында мұндай мәмілелер жасауға шектеулер бар.

2001 жылғы халықтың жан басына шаққандағы сақтандыру сыйақысы

Елі	Сақтандырудың барлық түрлері бойынша жиынтық көрсеткіші	Өмірді сақтандырудан өзге сақтандыру	Өмірді сақтандыру
Швейцария	4290,00	1297,00	2993,00
Жапония	3896,00	804,00	3092,00
АҚШ	2571,00	1404,00	1167,00
Ұлыбритания	2452,00	731,00	1721,00
Франция	2204,00	693,00	1511,00
Голландия	2192,00	959,00	1233,00
Қазақстан	6,37 •	6,3	0,04

Дереккөз: дамушы елдер бойынша деректер - Қазақстан бойынша «Insurance rescarch Lelter, September 2001», Қазақстан бойынша—Ұлттық банкінің статистикалық бюллетенінен, 2002, № 5

Ескерту: 2002 жылдың. 1 маусымында Қазақстан халқының саны 14819,7 мың адам, теңгеге қатысты АҚШ долларының айырбастау бағамы (биржалық орташа жылдық) 146,92 болды.

2001 жылғы ЖІӨ-дегі сақтандыру үлесі (%-бен)

Елі	Сақтандыру сыйақысының жалпы көлемі	Өмірді сақтандыруға қарағанда, өзге сақтандыру	Өмірді сақтандыру
1	2	3	4
ОАР	17,34	3,48	13,86
Оңтүстік Корея	15,42	3,79	11,63
Швейцария	11,94	3,61	8,33
Жапония	11,87	2,45	9,42

Жалғасы

1	2	3	4
Ұлыбритания	11,22	3,34	7,87
Голландия	9,41	4,12	5,29
Франция	9,25	2,91	6,34
АҚШ	8,49	4,64	3,85
Ирландия	8,37	3,04	5,33
Финлявия	7,76	1,90	5,87

Канада	7,37	4,30	3,07
Бельгия	6,80	3,82	2,98
Германия	6,53	3,81	2,72
Дания	6,22	2,43	3,79
Тайвань	6,09	1,69	4,40
Израиль	5,89	3,02	2,86
Португалия	5,42	2,87	2,55
Испания	5,38	2,85	2,53
Австрия	5,36	3,34	2,02
Сингапур	5,14	1,31	3,83
Швеция	4,72	2,29	2,42
Қазақстан	0,42	0,41	0,002

Дереккөз: «Insurance research Letter, September 2001»

Өткен ғасырдың соңынан бастап қайта сақтандырудың тұрақты әлемдік орталықтары қалыптасты. Оларға әлемнің жоғары дамыған елдері жатады.

Қазақстанның сақтандыру нарығы ДСҰ-на енуге дайындалуда, сондықтан оның дүниежүзілік нарыққа бірігуі өткір мәселе болып тұр. Осыған орай бірінші кезекке мүмкін болатын артықшылықтарын ғана емес, сонымен бірге батыстың сақтандыру компаниялары тарапынан болатын әлеуетті қатерді де қарастыру қажет.

Қазақстанда 2001 жылдың қорытындысы бойынша халықтың жан басына шаққандағы жиналған сақтандыру сыйақыларының көлемі шамамен 936,1 теңге (шамамен 6,37 долл) құрды, оның ішінде өмірді сақтандыру бойынша 6,49 теңге (0,04 долл.), сақтандыру сыйақысының көлемінің ішкі өнімге арақатынасы 0,42%, оның ішінде өмірді сақтандыру келісімшарттары бойынша сақтандыру сыйақысының көлемі 0,002% болды. Бұл деректерге түсінік беру екіталай болар. Оларды дамыған немесе кейбір дамушы елдердің көрсеткіштерімен салыстыруға болмайтыны онысыз да түсінікті. Дүние жүзінің дамыған елдерінің тобы үшін сақтандыру сыйақысының ЖІӨ-ге қатысты орташа көрсеткіші 9,12%-ды құрайды және мұнда ЖІӨ-ге қатысты абсолютті дүниежүзінің көшбасшысы 17,34% ОАР болып есептеледі.

10.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Қазақстан сақтандыру нарығының дүниежүзілік сақтандыру нарығындағы үлесі қанша?
2. Қазақстанның сақтандыру нарығының даму тенденциясы?
3. Әлемдік сақтандыру нарығының болашағы?

2. Бөлім. «САҚТАНДЫРУ» ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Сақтандыру дегеніміз?

- а) заңды және жеке тұлғаларды мүліктік жағынан қорғауға байланысты қатынастар жүйесі
- б) қаржылай көмек көрсету шаралар жиыны
- с) ерекше қызмет формасы
- д) қаржылай қатынастар кешені
- е) ақша бірліктері мен банкноталар жиыны

2. Сақтандыру қызметі:

- а) сақтандыру шартын жасау, орындауға байланысты, лицензия негізінде жүзеге асырылатын қызмет
- б) заңды және жеке тұлғалармен келісім шартқа отыру
- с) сақтандыру мәмілелерін орындау
- д) мемлекеттік органның келісімімен қызмет жүргізу нәтижесі
- е) сақтандыру мәмілелерін орындамау

3. ҚР «сақтандыру қызметі туралы» заң қашан қабылданды:

- а) 1999ж қаңтар
- б) 2000ж желтоқсан
- с) 2002ж ақпан
- д) 2001ж сәуір
- е) 2002ж сәуір

4. ҚР «сақтандыру қызметі туралы» заңы неше тарау, баптан құралады?

- а) 10 тарау, 15 баптан
- б) 17 тарау, 90 бап
- с) 13 тарау, 78 бап
- д) 12 тарау, 17 бап
- е) 19 тарау, 40 бап

5. сақтандыру субъектілері:

- а) сақтандырушы, сақтандырушының келісім шарттары
- б) сақтанушы, сақтандырушы
- с) барлық істі жүзеге асырушылар
- д) сақтандыру жағдайына тап болушылар
- е) сақтандырушының келісім шарттары

6. Сақтандыру сыйақылары – деп...

- а) сақтандыру жарналарының мөлшері аталады
- б) сақтандыру тарифтерінің мөлшері
- с) сақтанушы үшін төлем
- д) сақтандырушы үшін төлем
- е) сақтандыру тарифтерінің мөлшері және сақтандырушы үшін төлем

7. Міндеттілік дәрежесі бойынша сақтандыру нешеге бөлінеді?

- а) 4
- б) 3
- с) 2
- д) 5
- е) 6

8. Міндетті сақтандыру:

- а) келісім шартпен бекітілген сақтандыру
- б) заңға бағынышты сақтандыру
- с) заң актілермен бекітілген мәжбүрлеу арқылы жүргізіледі
- д) тұлғалардың талаптарына байланысты өткізіледі
- е) келісім шартпен бекітілген сақтандыру, заңға бағынышты сақтандыру

9. Сақтандыру шарты:

- а) келісімдер құжаты
- б) ерекше жағдайларды бекіту келісімі
- с) 2 жақтың міндеттері бекітілген мәміле
- д) 2 жақтың төлем, пайдасы көрсетілген шарт
- е) келісімдер құжаты, 2 жақтың төлем, пайдасы көрсетілген шарт

10. Сақтандыру жағдайы:

- а) тұлғалардың мәмілеге отыруы
- б) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін оқиға
- с) екі жақты келісім шарт жасау
- д) қаржы төлеу
- е) қаржы төлеу, екі жақты келісім шарт жасау

11. Топтық сақтандыру:

- а) бірнеше сақтандыру ұйымы іске асырады
- б) өзара сақтандырушы тұлғалар іске асырады
- с) 1 мезгілде бірнеше сақтандырылған адамдар арқылы іске асырылады
- д) бір топ жауапты адам жүргізеді
- е) өзара сақтандырушы тұлғалар іске асырады, бір топ жауапты адам жүргізеді

12. Сақтандыру агенті:

- а) төлем жүргізуді талап етуші тұлға
- б) шарт жасаушы қызметкер
- с) ұйымның тапсырмасын орындаушы
- д) шарт жасау жөніндегі делдалдық қызметті атқарушы
- е) ұйымның қызметкері

13. Сақтандыру брокері:

- а) сақтандыру бойынша кеңес беру
- б) сақтандыру делдалдары
- с) сақтандыру тапсырысын орындаушы
- д) өз атынан делдалдық қызметті жүзеге асырушы
- е) кеңес беруші заңды тұлға

14. Сақтандыру резервтері:

- а) актуарий есептеулері негізінде бағаланған міндеттемелер
- б) кәсіпорынның ақша қаражаты
- с) болашақ кезең шығысы
- д) дебиторлық берешектер
- е) өз қаржысы

15. Сақтандыру ережелері:

- а) сақтандыру талаптарын анықтайтын құжат

- б) істі жүргізу заңы
- с) негізгі құжат
- д) ұйымның бастапқы балансы
- е) жалпы іс жүргізу заңдылықтары

16. Сақтандыру рыногының кәсіби қатысушылары:

- а) пайда табушы тұлғалар
- б) өз қызметін жүргізуші ұйымдар
- с) өз қызметін лицензия негізінде жүзеге асырушы ұйымдар
- д) нарық делдалдары
- е) сақтандыру ісін жүргізушілер

17. Актuariй – дегеніміз...

- а) сақтандыру ұйымының ісін жүргізуші
- б) сақтандыру құжаттарын толтырушы
- с) сақтандыру шарттарына тексеру жүргізуші
- д) міндеттемелер мөлшеріне есеп жүргізуші
- е) сақтандыру ұйымының ісін жүргізуші, сақтандыру құжаттарын толтырушы

18. Ерікті сақтандыру:

- а) заң актілеріне байланысты жүргізіледі
- б) Ұйымның келісімімен жүргізіледі
- с) сақтанушы шартымен жүргізіледі
- д) 2 жақтың келісім шартымен келісіледі
- е) заң актілеріне байланысты, сақтанушы шартымен жүргізіледі

19. Жалпы сақтандыру неше сыныптан тұрады:

- а) 13
- б) 12
- с) 14
- д) 16
- е) 18

20. Аннуитеттік сақтандыру ... қарастырады

- а) белгіленген жағдайда төлем төлеуді
- б) ұйымдағы есеп жүргізуді
- с) шығындар сомасын
- д) келісім шарт жүргізуді
- е) ұйымдағы есеп, келісім шарт жүргізуді

21. «Сақтандыру ісі» заңына сәйкес сақтандыру жалпы неше салаға бөлінеді?

- а) 6
- б) 2
- с) 3
- д) 4
- е) 5

22. Франшиза дегеніміз:

- а) сақтандыру шартында көрсетілген жағдай
- б) сақтандыру шартында белгіленген талап
- с) сақтандыру шартында мөлшерге байланысты босатуды білдіретін талап
- д) жарнаны өтеп беру талабы

е) сақтандыру шартында көрсетілген жағдай , жарнаны өтеп беру талабы

23.Шартты франшиза нені қарастырады:

- а)төлемнің уақытында жүргізілуін
- б)сақтандыру оқиғасының болуын
- с)сома асып түссе төлем жүргізуді
- д) сома мөлшері төмен жағдайда төлем жүргізуді
- е) төлемнің уақытында жүргізілуін, сақтандыру оқиғасының болуын

24.Шартсыз франшиза дегеніміз:

- а) сақтандыру сомасы асып түскен жағдайда төлем жүргізу
- б)сақтандыру сомасы төмен жағдайда төлем жүргізу
- с)белгіленген X%-ті алып тастағаннан кейін төлем жүргізу
- д) белгіленген X%-ті қосқаннан кейін төлем жүргізу
- е) сақтандыру сомасы асып түскен жағдайда төлем жүргізу, белгіленген X%-ті қосқаннан кейін төлем жүргізу

25.Қалпына келтіру құны бойынша сақтандыру:

- а) объектінің тозу мөлшеріне байланысты
- б)жаңа мүліктің құнына байланысты
- с)ескі мүлік құнына байланысты
- д) ескіру сомасына байланысты
- е) ескіру сомасына , жаңа мүліктің құнына байланысты

26.Сақтандырудың пропорционалды жауапкершілік жүйесі:

- а)сақтандыру төлемінің жауапкершілік көлеміне байланысты
- б)зиян мөлшеріне байланысты
- с)шығын сомасына тең
- д) жарна мөлшерінің құрылымына байланысты
- е) зиян мөлшеріне байланысты және шығын сомасына тең

27.Сақтандырудың маңызды функциялары:

- а)басқару, болжау, реттеу
- б)жинақ, басқару, бақылау
- с)сақтау, жинау, бақылау
- д) тәуекелдік ,жинақ, басқару
- е)басқару, бақылау,реттеу

28.Сақтандыру нарығының маңызы:

- а) ерекше ақша –қаржы қатынастары
- б)ақша-келісім қатынастары
- с)болжалмаған жағдайлар нарығы
- д) сақтандыру ісіне қатысушылар арқылы іске асатын ерекше ақшалай қатынастар
- е) ерекше ақша –қаржы қатынастары, ақша-келісім қатынастары

29.Сақтандыру нарығының субъектілері:

- а)сақтанушы, ұйым, делдалдар
- б)сақтанушы, сақтандырушы, пайда алушылар, делдалдар
- с)сақтанушы, сақтандырушы,қызметкерлер
- д) сақтанушы ұйым,сақтандырушы, брокерлер
- е) сақтанушы, сақтандырушы,қызметкерлер,брокерлер

30.Сақтандыру операциясының рентабельдігі қалай анықталады:

- а)төлемдердің жылдық сомасы / жалпы жылдық пайда сомасы
- б)жылдық пайда / төлемдердің жылдық сомасы
- с)жалпы жылдық пайда сомасы / төлемдердің жылдық сомасы
- д) жалпы жылдық пайда сомасы / жалпы шығындар сомасы
- е)барлық жауап дұрыс

31.Ортақ сақтандыру нені білдіреді:

- а)бірнеше сақтанушы мен шартқа отыру
- б)бірнеше сақтандырушымен шартқа отыру
- с)бірнеше ұйыммен бірігу
- д) бірнеше тұлғамен бірігу
- е) бірнеше ұйыммен , бірнеше тұлғамен бірігу

32.Қайта сақтандыру:

- а)2-ші рет сақтандыру жүргізу
- б)бірнеше сақтанушы қайта шартқа отыру
- с)сақтанушымен 2-ші рет шартқа отыру
- д) сақтандыру ұйымдары өзара шартқа отыру
- е) бірнеше сақтанушы қайта шартқа отыру және сақтанушымен 2-ші рет шартқа отыру

33.Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органы:

- а) директорлар кеңесі, басқару органы, бақылау органы
- б)басқару органы, басқарма, атқарушы орган
- с)директорлар кеңесі, басқарма, атқарушы орган
- д) директорлар кеңесі, басқарма, бақылау органы
- е)басқарма

34. Уәкілетті аудиторлық ұйым:

- а)лицензия негізінде аудитты жүзеге асырушы орган
- б)лицензия негізінде бақылауды жүзеге асырушы орган
- с)лицензия негізінде қызмет көрсетуші орган
- д) лицензия негізінде келісім шартқа отырушы
- е) лицензия негізінде қызмет көрсетпейтін орган

35. Директорлар кеңесінің сақтандыру ұйымындағы қызметі қандай?

- а) басқару органы болып табылады
- б)шартқа отырушы болып табылады
- с)атқарушы орган
- д) бақылау органы болып табылады
- е)реттеу

36.Инспекциялау ісі нені қарастырады:

- а) шарттың дұрыстығын
- б)төлемдер, жарналардың төленуін
- с)салықтың уақытында төленуін
- д) тексеру ісін
- е)бақылау

37.Инспекциялауды кімдер жүргізеді:

- а)сақтандыру ұйымы

- б)сақтанушылар
- с)уәкілетті мемлекеттік орган
- д) қайта сақтандыру ұйымдары
- е)басқарма

38.Сақтандыру ұйымын құру үшін:

- а)қаржы-қаражат болу керек
- б)уәкілетті мемлекеттік органға өтініш, құжаттар тапсыру керек
- с)сұрау салу қажет
- д) келісімге отыру керек
- е)делдал болу керек

39.Сақтандыру ұйымын лицензиялауды кім жүргізеді:

- а)мемлекеттік орган
- б)атқарушы орган
- с)шартқа отырушы
- д) жауапты тұлғалар
- е)сақтандыру ұйымы

40.Сақтандыру ұйымын тарату:

- а)жарғысында көрсетілген тәртіппен жүргізіледі
- б)сақтанушы, сақтандырушы келісімдерімен жүргізіледі
- с)шарт бойынша жүргізіледі
- д) акционерлер, мемлекет шешімімен жүргізіледі
- е)жеке тұлғалар арқылы

41.Пайда алушы ұғымы нені білдіреді:

- а)табыс табушы
- б)шартқа отырушы
- с)сақтандыру төлемін алушы
- д) келісімге келуші
- е)тұтынушы

42. Сақтандырушы ...

- а)шартқа отырып пайда табушы
- б)шартқа тоырып төлем көрсетуші
- с)сақтандыруды жүзеге асырушы
- д) сақтанушы әрекетін іске асырушы
- е)тұтынушы

43.Сақтанушы ...

- а)оқиғадан пайда табушы
- б)сақтандырушымен шартқа отырушы
- с) сақтанушы шартын жүргізуші
- д)оқиғаға тап болған тұлға
- е)тұтынушы

44. Пруденциялық нормативтер:

- а)ұйымдарға белгіленген заңдар
- б)мемлекеттік орган белгілеген міндетті нормативтер
- с)шарттар нұсқасы
- д) бекітілген заңдық нормативтер

е)лицензия

45.Сақтандыру шарты нені білдіреді:

- а)сақтандыру төлемін төлеуді
- б)сақтандыру шартына отыру, төлем төлеу
- с)сақтандыру жарнасын және сақтандыру төлемін төлеуді міндеттейді
- д) 2 тұлғаның өзара келіскен келісімі
- е)келісім

46.Сақтандыру өтемі:

- а)сақтанушыға төленетін ақшалай төлем
- б)ақшалай қаражат
- с)сақтандыру сомасы
- д) сақтандыру шығыны
- е)өнім өндіру

47. Сақтандыру құны:

- а)ақшалай қаражат құны
- б)ақшалай қаражат мөлшері
- с)ақшалай қаражат сомасы
- д) ақшалай қаражат қоры
- е)тұтыну құны

48.сақтандыру пулы:

- а)сақтандыру компаниялары
- б)сақтандыру компанияларының келісуі
- с)сақтандыру компанияларының бірлестігі
- д) сақтандыру компанияларының қоры
- е) тұтынушы

49.Сақтандыру жағдайы:

- а)шарт талаптарында көрсетілген оқиғаның болуы
- б)шарт талаптарында шығынның болуы
- с)шарт талаптарында төлемнің төлену кезеңі
- д)шарт талаптарында өнімнің жүргізілуі
- е)келісімге отыру

50.Сақтандыру полисі:

- а)шарт талаптарының құжаты
- б)шарт талаптарының куәлігі
- с)шарт талаптарының мәмілесі
- д) шарт талаптарының келісімі
- е)тұтыну құны

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Гвозденко А.А. Финансово – экономические методы страхования. – Москва, Финансы и статистика, 1998г.
2. Гостенко Л.Н. Страхование. Учебное пособие. Алматы, 2003г.
3. Журавлев Ю.М., Секерж И.Г. Страхование и перестрахование: теория и практика. – Москва, 1993г.
4. Искаков Ұ.М., Бохаев Д.Т., Рузиева Ә.А. Қаржы нарығы және делдалдары: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2008ж.
5. Лер О.Э. Страховой рынок Казахстана. – Алматы, 1996г.
6. Маянлаева Г.И. Организация страхового дела в РК. – Алматы, 2000г.
7. Маянлаева Г.И. Теория и практика страхового дела. – Алматы, 2005г.
8. Рябикина В.И. Аудит страховых компаний. – Москва, 1995г.
9. Страхование дело. Учебник под ред. проф. Рейтмана Л.И. – Москва, 1992г.
10. Страхование от А до Я. Под ред. Корчевской Л.И. и Турбина К.Е. – Москва, Инфра – М, 1996г.
11. Страхование: теория, практика, зарубежный опыт. Жуйриков К.К., Назарчук, Жуйриков Р. – Алматы, 2001г.
12. Страхование: принципы и практика. Составитель Дэвид Бланд. Москва, Финансы и статистика, 1998г.
13. Финансы – учебник для экономических специальностей. Под ред. Ильясова К.К., Мельниковой В.Д. – Алматы: 2001г.
14. Шахов В.В. Введение в страхование. – Москва, Финансы и статистика, 1999г.

Мазмұны

Кіріспе	3
1 Бөлім. Сақтандырудың әдістемелік негізі.....	4
1. Тақырып. Сақтандырудың экономикалық мәні мен арналымы.....	4
2. Тақырып. Сақтандырудың сыныпталуы.....	5
3. Тақырып. Сақтандыру мәселелерінің заңнамалық регламенттелуі.....	7
4. Тақырып. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының институционалдық құрылымы.....	9
5. Тақырып. Сақтандыру компанияларының қызметін ұйымдастыру.....	11
6. Тақырып. Актуарлық қызмет.....	12
7. Тақырып. Жеке сақтандыру.....	13
8. Тақырып. Мүлікті сақтандыру.....	14
9. Тақырып. Сақтандырушының қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету.....	15
10. Тақырып. Шет мемлекеттеріндегі сақтандыру.....	17
2. Бөлім. «Сақтандыру» пәні бойынша тест сұрақтары.....	20
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	27